

**«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ 1**

Күні: «4» қыркүйек 2023 ж

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кабинеті

Қатысқандар: Педагогтар құрамы

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды талқылау және бекіту.
2. Оқу қызметін ұйымдастырудағы жаңашыл бағыттар.
3. Балалардың бейімделу кезеңін тиімді ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Меңгеруші К.Арымбекова сөз сөйледі.

Меңгеруші жаңа оқу жылының негізгі мақсат-міндеттерімен таныстырып, білім беру салалары бойынша жаңартылған талаптарға тоқталды. Балабақшадағы тәрбие-білім беру сапасын арттыру үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар оқу жылы барысында педагогтардан белсенділік, инновациялық тәсілдерді енгізу, құжаттаманы дұрыс жүргізу талап етілетіндігін айтты.

2. Әдіскер К.Анарбекова сөз сөйледі.

Әдіскер жылдық жоспар құрылымын таныстырып, әр айда өтетін әдістемелік іс-шаралармен педагогтарды хабардар етті. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құру талаптары, білім беру салалары бойынша кіріктірілген жұмыстың ерекшеліктерін түсіндірді. Балалардың жас ерекшелігіне сай дамыту ортасын дұрыс ұйымдастыру туралы кеңестер берді.

Әдіскер топ бөлмелерін жаңа оқу жылына дайындау, дамытушы орталықтарды толықтыру, қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша нақты нұсқаулықтар берді. «Бейімделу кезеңінде ата-аналармен тығыз байланыс қажет, себебі баланың психологиялық жайлылығы бірінші орында болуы тиіс» – деп атап өтті.

3. Тәрбиеші А.Кәтен баяндама жасады.

Тәрбиеші «Балалардың балабақшаға бейімделуі және оның кезеңдері» тақырыбында мазмұнды баяндама оқыды. Бейімделудің жеңіл, орташа және күрделі түрлері, әр балаға жеке қолдау көрсету жолдары, ата-анамен бірлескен жұмыс формалары ұсынылды.

Қаулы етті:

1. Жылдық жоспар бекітілсін.
2. Барлық тәрбиешілер 10 қыркүйекке дейін күнтізбелік жоспарларын толық дайындап, бекітуге өткізсін.
3. Бейімделу кезеңінде педагогтар балалардың психологиялық жағдайына ерекше назар аударсын.
4. Ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ай сайын жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:



К.Арымбекова

Хатшысы:



А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМА №2

Күні: «1» желтоқсан 2023 ж.

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кабинеті

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі:

1. Балалардың тоқсандық диагностика нәтижелерін талдау.
2. Қиындықтары бар балалармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Жаңа жылдық іс-шараларды өткізудің тәртібі.

Тыңдалды:

1. Әдіскер К.Анарбекова сөз сөйледі.

Әдіскер диагностика нәтижелерін жан-жақты талдап, әр топ бойынша білім беру салаларындағы даму деңгейін көрсетті. Сөйлеу, ұсақ моторика, сенсорика және әлеуметтік дағдылар бойынша артта қалған балаларға ерекше назар аудару қажеттігі атап өтілді. Педагогтарға түзету жұмыстарының жеке жоспарын құру тапсырылды.

2. Меңгеруші К.Арымбекова сөз сөйледі.

Меңгеруші Жаңа жыл ертеңгіліктерін қауіпсіздік талаптарына сай өткізу, залды безендіру, музыкалық жетекшілермен бірлескен жұмыстың маңызын айтты. Сонымен қатар балалардың денсаулығын сақтау мақсатында қыс мезгіліне байланысты сақтық шараларын еске салды.

Әдіскер мерекелік іс-шара кезінде тәртіп пен ұйымдастыру мәселелеріне тоқталды. Ата-аналарды шақыру тәртібі, балалардың костюмдерін дайындау, залды безендіру кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау жөнінде нақты ұсыныстар берді.

3. Тәрбиеші А.Кәтен баяндама жасады.

«Балалардың сөйлеу тілін дамытудағы тиімді ойындар» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Диагностика нәтижелерімен салыстыра отырып, сөйлеуде қиындықтары бар балаларға қолданылатын әдістерді көрсетті.

Қаулы етті:

1. Жеке даму карталары толықтырылсын.
2. Әр топ Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жоспарын 15 желтоқсанға дейін тапсырады.
3. Сөйлеу дағдысы төмен балалармен жүйелі түзету жұмыстары жүргізілсін.
4. Ата-аналарға мерекелік дайындық бойынша ақпараттық жадынама таратылсын.

Жиналыс төрағасы:



К.Арымбекова

Хатшысы:

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМА №3

Күні: «5» наурыз 2024 ж.

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кабинеті

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі:

1. «Наурыз» мерекесін дайындау және өткізу.
2. Көктемгі экологиялық жобаларды жүзеге асыру.
3. Топтарды безендіру және ұлттық тәрбие бағытындағы жұмыстар.

Тыңдалды:

1. Меңгеруші К.Арымбекова сөз сөйледі.

Меңгеруші Наурыз мерекесін өткізудің тәртібін түсіндіріп, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау маңызын айтты. Балаларға қазақтың ұлттық ойындарын, тағамдарын, әдет-ғұрпын таныстыру қажеттігін атап өтті.

2. Әдіскер К.Анарбекова сөз сөйледі.

Әдіскер экологиялық бағыттағы «Эко-десант», «Жасыл мекен», «Жасыл табиғат» жобаларының мақсатын түсіндіріп, көктемгі сенбіліктер мен ағаш отырғызу жұмыстарын жүйелі жүргізу туралы баяндады.

Әдіскер топтарды ұлттық нақышта безендіру, қазақы бұрышты жаңарту, ұлттық киімдер мен атрибуттарды дайындау жөнінде нұсқаулықтар берді. Сонымен қатар қауіпсіздік талаптарын сақтауды ескертті.

3. Тәрбиеші А.Кәтен баяндама жасады.

«Ұлттық құндылықтарды балабақшадағы тәрбие жұмысына кіріктіру» тақырыбында мазмұнды баяндама оқыды. Қазақтың ойындары, мақал-мәтелдері, салт-дәстүрін күнделікті оқу қызметінде қолдану жолдарын ұсынды.

Қаулы етті:

1. Наурыз мерекесі 14–15 наурыз күндері бекітілген сценарий бойынша өткізілсін.
2. Өғалдандыру жұмыстары сәуір айында ұйымдастырылсын.
3. Тәрбиелік орталықтар ұлттық мазмұндағы материалдармен толықтырылсын.
4. Экологиялық жобаларға ата-аналар белсенді тартылсын.

Жиналыс төрағасы:



К.Арымбекова

Хатшысы:

А.Кәтен

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы ЖШС

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМА №4

Күні: «3» мамыр 2024 ж.

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кабинеті

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі:

1. Оқу жылының қорытынды талдауы.
2. Балалардың қорытынды диагностикасы.
3. Келесі оқу жылына ұсыныстар.

Тыңдалды:

1. Әдіскер К.Анарбекова сөз сөйледі.

Әдіскер жылдық әдістемелік жұмыстың нәтижесін таныстырды. «Педагогтардың әдістемелік шеберлігі артты, жобалық жұмыстарға қатысу белсенділігі жоғары» — деп қорытындылады. Диагностикадағы орташа көрсеткіштердің өсу динамикасын көрсетіп, тиімді әдістерді атап өтті.

2. Меңгеруші К.Арымбекова сөз сөйледі.

Меңгеруші балабақша ұжымы жыл бойы жасаған жұмысына оң бағасын беріп, кейбір бағыттарда қосымша жетілдіру қажет екенін айтты. Атап айтқанда, ата-анамен жұмыс, цифрлық ресурстарды қолдану, дамытушы орта жанартылуы тиіс екенін жеткізді.

Әдіскер топтардың тазалық, тәртіп, құжат жүргізу сапасы туралы есеп берді. Жыл бойы балалардың қатысуы мен тәртібі, ата-аналар белсенділігі туралы ақпаратпен бөлісті.

3. Тәрбиеші А.Кәтен баяндама жасады.

Тәрбиеші «Балалардың жылдық даму динамикасы» бойынша баяндама жасап, әр баланың ілгерілеуі, сөйлеу, моторика, әлеуметтік-қатынас салаларындағы өзгерістерді талдады.

Қаулы етті:

1. Барлық топтар 20 мамырға дейін жылдық есеп тапсырады.
2. Қорытынды диагностика нәтижелері негізінде аналитикалық есеп жасалсын.

-

К.Арымбекова

Keight

А.Кәтеш